




ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН АДАМНЫҢ
ӨМІРІНІҢ ӨЛШЕМІ УАҚЫТ
ЕКЕНІНЕ ТАҒЫ ДА БІР КӨЗІМІЗ
ЖЕТТІ. БИЫЛҒЫ ЖЫЛҒЫ 5 ҚА-
ЗАН КҮНІ 82 ЖАСҚА ҚАРАҒАН
ШАҒЫНДА АРҚАНЫҢ АЛЫП
БӘЙТЕРЕГІНІҢ БІРІ - ҚАЗАҚ-
СТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН
ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАРАҒАНДЫ ОБ-
ЛЫСЫ МЕН ШЕТ АУДАНЫНЫҢ
ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ, МЕМЛЕ-
КЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТ-
КЕРІ ҚАСЫМБЕК МЕДИУЛЫ
МЕДИЕВ ДҮНИЕДЕН ОЗДЫ.
ҚАЛЫҢ ЕЛ ҚАТТЫ ҚАЙҒЫ-
РЫП, ҚИМАС ЖАНДЫ АҚТЫҚ
САПАРҒА ШЫҒАРЫП САЛҒА-
НЫНА ДА 40 КҮННІҢ ЖҮЗІ БО-
ЛЫП ҚАЛДЫ.

«Жақсы адамның өмірден өтуі
де жеңіл» - дейтін бұрынғы үлкен-
дер. Иә, солай болғандай. Қаскең аға
60 жылдай бірге ғұмыр кешкен жары
Ғалиямен және бала-шағаларымен
коштасып, өзінің «үйренішті орны» -
кардиологиялық орталыққа, інісі-бала-
сы Арыстан Ғазизұлының емханасына

біткен өршілдігімен, қажыр-қайраты-
ның аркасында талай биік белестерді
бағындырды. Жұмысқа ынта-ықыла-
сымен, жан-тәнімен берілген жан бо-
латын. Күн-түн демей, дамыл таппай,
алға қойған шаруаларды аяқтағанша
өзіне де, маңайындағыларға да босаң-
дық бермейтініне көпшілік куә.

Ағаның өмір жолындағы бас-

қали Оспанов, Өтебай Құлмаханов,
Камали Дүйсенбеков сынды тұлғалар-
дың айтқан ақыл-кеңестерін тыңдап,
олардың сенімі мен үмітін абыроймен
ақтағанын мақтанышпен есіне алатын.

Ағаның Ақтоғайда, Егіндібұлақ-
та, Ақадырда, Жездідегі жұмыста-
рын сол жақтағы халықтың аңыз етіп
айтып отырғанын сан мәрте естідік.

не күмән жоқ. Қасымбек ағаның
бойынан кейінгі ұрпаққа қажетті
мейірімділік пен ізгіліктің көрініс-
терін көретінбіз.

Өзі «Абырой, атақ адамға түйе
мініп, ат жетектеп келмейді. Ол ту-
ған еліне, халқына жасаған еңбегін-
мен келеді» - дейтін. Осы бағытты
бекем ұстаған Қаскең ақыл-ойы мен

АТЫ АҢЫЗҒА айналған асыл аға

Тұлға

Қасымбек МЕДИЕВКЕ

Келді, міне, сексенің -
торқалы күн,
Өзгермедің, баяғы -
өр қалыбың.
Наурыз келіп, сен туып,
бусанады
Қалжа жеген Анадай
Арқа бүгін.
Көсемдігің басталды пионерден,
Қиналмастан өттің сан
қия-белден.
Тышқаншылап көрмедің,
жібермеді
Тектілігің ата-ана, ұя көрген.
Қайда барсаң, еңбегің еселенді,
Сабасына түсірдің есер ерді.

Үлгі алған өмірлік дәрісіңнен.
Жолдас болмай қулықпен,
сұмдықпенен,
Қара қылды қақ жардың
шындықпенен.
Ақша, байлық, дүние -
тоқтық емес,
Адал достық - арманың
шын діттеген.
Өтіріктің айырдың бет пердесін,
Жасырмадың - жаманды
жек көргесін.
Бетке басып, наданның
пасықтығын,
Талай қанды қырғынды
өткергенсің.

күш-қайратын, білімі мен білігін
елінің дамуына, халқының тұрмы-
сынын жақсаруына аянбай арнады.

Қаскеңнің бойындағы ерекше
қасиетінің бірі - жұмыс бабында
мекеме басшыларына қатаң талап
қоя білуі. Біреуге ренжігенін іле-ша-
ла ұмытып кететін. Ешкімге кек сақ-
тамайтыны - мейірім мен ізгіліктің
сәулесі.

Ол мемлекеттің, халықтың
мүлкі нарық талабымен талапайға
түскен кезде қарпып қалудан, сұға-
нақтық пиғылдан бойын аулақ ұста-
ды. Парасаттылығы мен адалдығын
таныпты. Ұстанымы берік болды.

Қаскеңнің аузынан «Ерінбей ет-
кен еңбек пен төккен тердің қайта-
рымы болады» - деген сөзді жиі ес-
титінбіз. Алты жьшдай бірге қызмет
атқарғанда, «бр жұмыс бітті, аздап
болса да, демалайық» - демейтін.
Апда атқаратын жұмысты өзі іздеп,
толассыз тауып беретін.

орналасып, сол жерде мәңгілік ұйқыға кете барды. Дауасыз ажалға қарсы тұруға адамның дәрмсіні жоқ. «Қаза - қас қаққанша». Қасекенмен қоштаса алмай, артында қаншама туған-туысы, дос-жараны мен әріптесі қалды. Соның бірі - мен. Өкінішті-ақ.

Ағамыздың еліне сіңірген еңбегі туралы Қарағанды қаласындағы Әнет баба мешітінде өткен қаралы жиында кеңінен айтылды.

Қасымбек аға 1938 жылы 24 наурызда Ақшатау кенті маңындағы «Қарасу» деген жерде дүниесігін ашқан. Өмірге келген сәбидің кіндік қаны топыраққа тамған кезде оның адами болмысы мен пешенесіне бұйырған тағдыры да қоса берілетін көрінеді.

Қасекеннің арғы аталары ел ортасында сөз ұстаған, шешен билер болған. Әкесі Меди ағамыз өткен ғасырдың басында өмірге келіп, қазақ халқының басына түскен ашаршылық, қуғын-сүргін мен қанды соғыстың ауыртпалығын бір кісідей көтеріп, Кенес Үкіметінің іргесін қалауға да атсалысқан. Ұлы Отан соғысында ауыр жараланып, елге оралған соң ұзақ жылдар бойы абыройлы қызмет атқарған.

Анасы Әйеншек - текті әулеттің тумасы. Әкесі Төкеннің замандас туысы Бодықтың Нарынбегі - 12 жыл бойы ауданның Қызылтау болысын басқарып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бойында бар күш-қайратын салған, ел бірлігін, жер бүтіндігін сақтаған айтулы тұлға. «Үйдің жақсысы - ағашынан, жігіттің жақсысы - нағашыдан» - деген нақыл бекер айтылмааса керек.

Қасекен ағай еңбек жолын өткен ғасырдың 50 жылдарының соңына қарай, Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы ауылында Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектеп пионерлерінің аға вожатыйынан бастап, комсомол, партия-кеңес органдарында өзіне туа

Пешенеңе жазылған

дегенменен,

Қайта жаздың өзгертіп

пешененді.

Азаматтық көркіне бәрі сіңген,

Тектілігің көрінген әр ісіңнен.

Жалғандағы байлығың -

шәкірттерің,

ты ұстанымы - еңбек. Еңбек жолын ауылдан бастап, республика деңгейіне дейінгі баспалдақтарға көтерілуі - өзінің жұмысқа деген талпынысы мен төзімділігінің арқасы. Берісі, Қарағанды, Жезқазған облыстарының Шет, Ақтоғай, Жанаарқа, Егіндібұлақ, Ақадыр, Жезді аудандарына басшылық жасаған тұста, әрісі, осы облыстарда лауазымды қызметтер атқарған жылдары Республиканың Жоғарғы кеңесінің екі дүркін депутаты ретінде елге танымал тұлға болды.

Қасекен қандай да бір жоғарғы лауазымды қызметтерде болса да, қиындықтар мен жауапкершіліктен қорықпайтын. Қолға алған ісін аяғына дейін жеткізетін. Ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары болды. Еңбекке төзімді және шыдамды еді. Азаматтарға өзінің тәлім-тәрбиесін беруден аянабады.

Тағы бір ерекше қасиеті адамдарға, әсіресе, қарапайым еңбеккерлерге жақсылық жасауға дайын тұратын. Ауданның мекеме басшыларына «Алдына келген кісіге көмек беріндер. Шаруасын сөзбұйдаға салмай шешіндер, одан кішірейіп қалмайсыңдар. Алғысын аласыңдар» - деп кейінгі жастарға үлгі көрсетіп отыратын.

Қасекен өзіне алдыңғы толқын ағалардың қолдауы мен қамқорлығының шапағаты тигенін жиі айтатын. Бәйкен Әшімов, Мәлік Имашев, Сұлтан Досмағанбетов, Тұрсын Төреғожин, Сейт-

«Бұл мен жайлы емес», -
деп қарақтарым,
Мақтау айтқан жандарды
жаратпадың.
Кешір, аға, осал тұс
көре алмадым,
Өміріңнің ақтарып парақтарын.
Мұрат ЖАДАЕВ.

1987 жылы Қаскен Жезді аупарткомының бірінші хатшысы. Қыс өте қатты, қары мен бораны толастамады. Малға жеп-шөп жеткізу қиынға соққанда аға Республика әуе флотының бастығы, Кеңес Одағының батыры А.Кузнецовке телефон шалып, көрші аудандардан жем-шөп жеткізуге көмек сұрайды. Іле-шала ауданға үш әскери тікұшақ жіберіледі.

Шет ауданына әкім болып келісімен Теміртаудағы Карметкомбинаттың бас директоры А.Свищинскийді Тельман ауданының әкімі Амантай Рахимовпен бірге ауданға шақырды. Сол жолы бас директормен келісіп, аудан орталығындағы 20 шақырымдай ішкі және сыртқы су құбырын тегін жөндегенін көзіміз көрді. Ағаның жоқтан бар жасайтын жанкиярлық қабілетін замандастары Сағадат Дүйсебеков, Тілеубек Зейнешев, Қазыкен Мүсілімов, Сұлтан Сүтбаев, Хусейн Төлеубаев және тағы басқалары аңыз етіп айтады.

Адамға абырой мен атақ еңбекпен, біліммен келетіні белгілі. Ал, жаратылыста болатын асыл қазына - мейірімділік. Оны Алла беретіні-

«Жақсының жақсылығын айтып, нұры тасысын...» демекші, Қаскен Шет ауданының халқы үшін ардақты азамат, қамқор жан, елінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Сарыарқаның санлақ тұлғаларының бірі хәм бірегейі.

Қасымбек Медиұлының еңбегі, мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, «Парасат», «Құрмет», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен, 20-дан аса медальмен наградталған. 1996 жылы Елбасының қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алуы ұзақ жылғы еңбегінің өтеуі болғаны анық.

Қасымбек аға жар-қосағы Ғалиямен өмірге Назира, Жанна, Зарина, Тайыр атты перзенттерді әкеліп, солардың немерелерімен жаймашуақ қуанышты күндерін өткізу үстінде еді. Өтген, өлімнен ешкім қашып құтылған емес.

Гибратты ғұмыр жолында халқына еңбегі сіңген, талай шәкіртінің жолын ашқан, аты аңызға айналған азамат, өнегелі отбасының иесі, ардақты әке, сүйікт ата, аяулы жар, асыл аға, қажырлы қайраткер Қасымбек Медиұлының есімі мен жарқын бейнесі оның замандастары мен жерлестерінің жадында мәңгі сақталады.

Жатқан жерің мамық, орның пейіште, артың қуанышта болсын, аға!..

Боранбай ЖҰМКИН,
Шет ауданының Құрметті
азаматы.

Қайраткер тұлға Қасымбек Медиұлы МЕДИЕВТІҢ өмірден өткеніне 40 күн толуына орай, 10 қарашада сағат 13:00-де Қарағанды қаласындағы "Ариста" мейрамханасында ас беріледі.